

Ақмола облысы  
білім басқармасының  
Ерейментау ауданы бойынша  
білім бөлімі «Торғай ауылының  
жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі

Коммунальное государственное  
учреждение «Общеобразовательная  
школа села Торгай»  
отдела образования по  
Ерейментаускому району  
Ақмолинской области

## БҰЙРЫҚ

«26» тамыз 2022 жыл  
Торғай ауылы

№84

## ПРИКАЗ

«26» августа 2022 года  
село Торгай

**«Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылының басталуына, ұзақтығын және демалыс кезендерін айқындау туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына негізінде, «Ақмола облысының білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің 2022 жылғы 19 тамыздағы №192 бұйрығына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылының басталуына, ұзақтығын және демалыс кезендерінің мынадай мерзідері айқындалсын:
  - 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
  - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12) -сыныптарда – 36 оқу аптасы;
  - 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезендері:
    - 1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);
    - 1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында);
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш. Алибековаға жүктелсін.

Мектеп директоры



М. Айтбаева

Ақмола облысы  
білім басқармасының  
Ерейментау ауданы бойынша  
білім бөлімі «Торғай ауылының  
жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі

Коммунальное государственное  
учреждение «Общеобразовательная  
школа села Торғай»  
отдела образования по  
Ерейментаускому району  
Ақмолинской области

## БҰЙРЫҚ

«25» сәуір 2022 жыл  
Торғай ауылы

№51

## ПРИКАЗ

«25» апреля 2022года  
село Торғай

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта  
білім беру ұйымдарында білім  
алушыларды қорытынды аттестаттаудан  
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 159 бұйрығы, Ақмола облысы білім басқармасының 2022 жылғы 22 сәуірдегі №116 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 117 бұйрығына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
  - 1) «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;
  - 2) Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;
  - 3) Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10 маусым аралығы.
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:  
9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:



- 1) Қазақ, орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;
- 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;
- 3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;
- 4) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 6 маусым;
3. 11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
  - 1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2022 жылғы 27 мамыр;
  - 2) қазақ, орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 30 мамыр;
  - 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;
  - 4) орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;
  - 5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 10 маусым.
4. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.
5. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің осы бұйрықтың, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.
6. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 9 (10), 11 (12) сыныптарының білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2022 жылғы 21 мамырға дейін жеткізуді;

2) Осы бұйрықты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Б. Алибековаға жүктелсін

Мектеп директоры:

Таныстым:



М.Ж. Айтбаева